Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Тасилова Айгерим Айтбаевнаның «Әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатия» атты ғылыми диссертациясына ғылыми жетекші – филология ғылымдарының докторы, профессор

Н.Т. Шыңғысованың

ПІКІРІ

Әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатияға арналған мұндай ғылыми зерттеу жұмысында қазіргі кезеңдегі қоғамдық дипломатияның қызметі мен дамуын, әлемдік саясаттың маңызды факторы ретіндегі орнын анықтап, Қазақстанның қоғамдық дипломатиясының құралдарына және механизмдеріне талдау негізінде оның тиімділігін арттыру моделдерін ұсынып, өз алдына жеке сала ретінде қарастырып, қолданыс ерекшеліктеріне қарай, тұтас құбылыс ретінде танып, мағыналық жағынан саралап, анықтау мүмкіндігі терең де, жан жақты қарастырылған. Өзіндік тұжырымдар жасалған. Автор Қазақстандағы қоғамдық дипломатияны зерттеп, оның тұтас құбылыс ретінде өзіне ұқсас құбылыстардан ерекшелігін ашып көрсетіп, оны бүгінгі журналисткада қалыптасқан теорияларға сай тұжырымдаған. Бұл жұмыста Қазақстандағы қоғамдық дипломатияның қазіргі құралдарын, мемлекеттің сыртқы саясатындағы цифрлық дипломатияның ерекшелігін, Қазақстанның ұлттық брендингі мен халықаралық имиджін қалыптастырудағы қоғамдық дипломатияның когнитивтік түрлерін айқындап, өзіндік ерекшеліктерін ашуы, еңбектің осы уақытқа дейінгі ғылыми еңбектерде сөз етілмеген тың мәселелерді зерттегендігін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыстың көрсетуінше, жаһандану трансформациясындағы мәдениетаралық коммуникацияның мәселелерін, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей елдерінің саяси аренадағы имидж құру ерекшеліктерін анықтап, олардың қолданыстағы өзіндік ерекшеліктері сараланып, мазмұндық, мағыналық ерекшеліктері салғастырмалы тұрғыда жан-жақты талданып, мысалдармен дәлелденген. Бұл тұжырым – журналисткаға қосылған жаңа үлес.

Зерттеу жұмысының тарауларында қоғамдық дипломатия туралы теориялық мәселелерге шолу жасап, қоғамдық дипломатияның ұғым-түсініктерін, негізгі ғылыми тұжырымдамалары мен өзекті мәселелерін, формаларын сараптай келе, мәселенің теориялық және методологиялық аспектілерін анықтап, табиғатын ашып көрсеткен. Қоғамдық дипломатияның негізгі теориясы мен концепциясын талдау негізінде қоғамдық дипломатияның пәндік өрісін нақтылап және оның насихат, жұмсақ күш, мәдени дипломатия, сыртқы мәдени саясат ұғымдарының айырмашылығын анықтап, журналистика тұрғысынан талдау жасалынып, олардың табиғаты қарастырылған, ара жігін ашып, анықтаған. Қазіргі заманғы халықаралық

қатынастар жүйесіндегі қоғамдық дипломатияның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін айқындаған.

Диссертант өзі қозғаған тақырыбы төңірегінде жазылған ғылыми зерттеулерге шолу жасап, журналисткада алатын орны жөнінде мағлұмат берген.

Көшпелі қазақ қоғамындағы дипломатиялық қатынастардың орнығуының тарихи алғышарттары мен түсініктерін анықтап, Қазақстан Республикасының қазіргі даму жағдайындағы қоғамдық дипломатияның қалыптасу үрдістері мен өзіндік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда ашып көрсетіп, Қазақстандағы қоғамдық дипломатияның қазіргі құралдарын, мемлекеттің сыртқы саясатындағы цифрлық дипломатияның ерекшелігін, Қазақстанның ұлттық брендингі мен халықаралық имиджін қалыптастырудағы қоғамдық дипломатияның когнитивтік түрлерін айқындап, жаһандану трансформациясындағы мәдениетаралық коммуникацияның мәселелері, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей елдерінің саяси аренадағы имидж құру ерекшеліктерін анықтай отырып, ғылыми тұрғыдан негіздеп, ерекшеліктерін айқындауы, диссертациялық еңбекте нақты айқын құрастырылған.

Бұл диссертациялық еңбектің зерттеу нысаны мен мақсат, міндеттері, тақырыптың өзектілігі мен практикалық мәні нақты айқын көрсетілген.

Диссертант жұмысының зерттеу әдісі ретінде салыстыру, талдау, топтастыру, тарихи-салыстырмалы, хронологиялық-тарихи, логикалық-тарихи, жүйелеу және тағы басқа талдау әдістерді жүйелі түрде пайдалана білген.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері жоғарғы оқу орындарында оқылатын журналистика, халықаралық қатынастар, аймақтану, сыртқы саясат салалары бойынша және қоғамдық дипломатия мәселелері бойынша арнайы курстарды тереңдетіп оқытуда, аталған мәселелр бойынша оқу-әдістемелік материалдар мен көмекші құралдарын жасауда қолдануға үлес қосады.

Жұмыс – тың пікірлермен, дәлді тұжырымдарымен құнды. Жұмыс диссертацияның талабына толық жауап береді. Автор философия докторы (PhD) деген атаққа лайықты. Жарияланған мақалалар диссертацияның мазмұнын қамти алады.

Тасилова Айгерим Айтбаевнаның «Әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатия» атты диссертациясы философия докторы (PhD) атағын алуға әбден лайық деп білемін.

Отандық ғылыми кеңесші,
ф.ғ.д., ҚазҰУ профессоры Н.Т. Шыңғысова

19 наурыз, 2019 жыл

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова
«_____» _____ 20____ж./г.